

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

**ТҰРҒЫН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ
ҚАЙТА ЖАҢАРТУ, КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ АҒЫМДЫҚ
ЖӨНДЕУ**

**РЕКОНСТРУКЦИЯ, КАПИТАЛЬНЫЙ И ТЕКУЩИЙ
РЕМОНТ ЖИЛЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ЗДАНИЙ**

**ҚР ҚН 1.04-26-2011
СН РК 1.04-26-2011**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

Агентство Республики Казахстан по делам строительства
жилищно-коммунального хозяйства

Астана 2012

Алғы сөз

ӘЗІРЛЕГЕН:	«Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 10.01.2012 ж. № 4 бұйрығымен 01.05.2012ж. бастап енгізілді.
ОРНЫНА:	ҚР ҚН 1.04-26-2004

Предисловие

РАЗРАБОТАН:	Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
ПРЕДСТАВЛЕН:	Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10.01.2012 г. № 4 с 01.05.2012 г.
ВЗАМЕН:	СН РК 1.04-26-2004

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

Мазмұны

1 Қолдану аясы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	1
3 Негізгі терминдер мен анықтамалар.....	2
4 Жалпы ереже.....	4
5 Объектілер мен ғимараттарды қайта құру және күрделі жөндеу.....	4
5.1 Ғимараттарды қайта құру.....	4
5.2 Күрделі жөндеу.....	6
5.3 Ғимараттарды күрделі жөндеу мен қайта құруды жүзеге асыру мен жоспарлау...	8
6 Күрделі жөндеу мен қайта құру бойынша жұмыстарға қойылатын талаптар.....	9
6.1 Жалпы ережелер.....	9
6.2 Ғимараттардың жер асты және жер үсті бөліктерінің іргетасының құрылымын зерттеу.....	9
6.3 Инженерлік-геологиялық зерттеу ерекшеліктері.....	10
6.4 Қала құрылысына қойылатын талаптар.....	11
6.5 Көлемді-жоспарлау шешімдеріне қойылатын талаптар.....	11
6.6 Құрылымдық шешімдеріне қойылатын талаптар.....	13
6.7 Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар.....	14
6.8 Өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар.....	15
6.9 Жабдықтар мен инженерлік жүйелерге қойылатын талаптар.....	15
6.10 Күрделі инженерлік-геологиялық шарттарда орналасқан тұрғын үйлерге талаптар.....	18
6.11 Электрлі сақтауға талаптар.....	21
6.12 Технологиялық талаптар.....	21
7 Ғимараттар мен құрылыстарға техникалық қызмет көрсету.....	22
8 Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық тексеру жүйесі.....	22
8.1 Жоспарлы тексеру.....	22
8.2 Жоспардан тыс тексеру.....	23
9 Ғимараттар мен объектілерді ағымдық жөндеу.....	24
9.1 Жалпы ережелер.....	24
9.2 Ағымдық жөндеуді ұйымдастыру және жоспарлау.....	25
9.3 Ағымдық жөндеуді ұйымдастырудың талаптары.....	26
10 Жөндеуді іске асыру бойынша жұмыстарға сметалық құжаттар дайындау.....	27
10.1 Жөндеу жұмыстарының түрлері және олардың реті.....	27
10.2 Жөндеу жұмыстарына арналған жобалық-сметалық құжаттардың көлемі және мазмұны.....	28
10.3 Күрделі жөндеу бойынша жоба- сметалық құжаттамада ескерілетін үстеме шығыстар мен қосымша шығындар.....	29
А Қосымшасы (ақпараттық).....	31
Б Қосымшасы (ақпараттық).....	32
В Қосымшасы (ақпараттық).....	38
Г Қосымшасы (ақпараттық).....	39
Д Қосымшасы (ақпараттық).....	44
Е Қосымшасы (ақпараттық).....	50
Библиография	51

ТҰРҒЫН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ, КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ АҒЫМДЫҚ ЖӨНДЕУ

Енгізілу күні - 2012.05.01

1 Қолдану аясы

1.1 Осы нормалар коммуналдық және әлеуметтік- мәдени мақсаттағы тұрғын ғимараттарды (құрылыс кезеңі мен құрылымдық жүйелеріне, көлемдік- жоспарлық шешімдеріне, қолданылған құрылыс материалдары мен заттарына байланыссыз, бір пәтерлі және көппәтерлі, жатақханаларды, жасы ұлғайған адамдар мен халықтың аз жұмылдырылған топтары үшін мамандандырылған тұрғын үйлер, жекелеген пәтерлер, жете салынбаған, қосып салынған және жанына салынған жайлар) және объектілерді (әрі қарай ғимараттар мен объектілер) қалпына келтіру, күрделі және ағымдық жөндеу жүйелерінің жұмыс стеу құрамы мен тәртібін белгілейді.

1.2 Нормалар сондай-ақ тұрғын үйге қайта жабдықталатын, әр түрлі мақсаттағы ғимараттар мен жайларды қалпына келтіруді жобалауға да таралады.

1.3 Нормалар ғимараттар мен объектілердің арнайы жабдығына, сондай-ақ санитарлық- техникалық, өртке қарсы және басқа технологиялық қондырғыларды автоматтандыру құрылғыларына таралмайды.

1.4 Нормалар меншік нысанына және ведомстволық жататындығына байланыссыз барлық заңды және жеке тұлғалардың қолдануы үшін міндетті, сондай-ақ ғимараттарды қайта құруды, күрделі, ағымдық жөндеуді және қызмет көрсетуді жүзеге асыратын барлық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар үшін міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы нормаларда келесі құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР ҚНМЕ 1.03-03-2010 «Кәсіпорындардың, ғимараттардың, имараттардың құрылыстарын және оларды күрделі жөндеуді жоба әзірлеушілерінің авторлық бақылауы туралы ереже»;

ҚР ҚНМЕ 2.03-30-2006 «Сейсмикалық аудандарда құрылыс салу»;

ҚР ҚН 1.04-04-2002 «Ғимараттар мен құрылыстардың техникалық күйін тексеру және бағалау»;

ҚР ҚНМЕ 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар»;

ҚР ҚНМЕ 4.02-42-2006 «Жылу беру, желдету және ауа тазарту»;

ҚР ҚН 1.04-01-2002 «Құрылысқа жобалық- сметалық құжаттаманы әзірлеу, келістіру, бекіту тәртібі, құрамы туралы нұсқаулықтар».

ҚР ҚН 1.04-03-2002 «Күрделі жөндеуі аяқталған тұрғын, қоғамдық ғимараттар мен коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау»;

ҚР ҚН 1.04-07-2001 «Су құбыры-кәріздік тораптар мен құрылыстардың жоспарлы-алдын алу жөндеуін ұйымдастыру және жүргізу»;

ҚР ҚН 2.04-01-2009 Энергиямен жабдықтауды ескерумен азаматтық және өнеркәсіптік ғимараттарды (құрылыстарды) жылу техникалық жобалау нормалары;

ҚР ҚН 2.04-21-2004 «Энергия тұтыну және азаматтық ғимараттарды жылулық қорғау»;

ҚР РДС 1.04-15-2004 «Ғимараттар мен құрылыстардың күйін техникалық бақылау ережесі»;

РДС РК 1.04-07-2002 ВСН 53-86(р) «Тұрғын ғимараттардың физикалық тозуын бағалау ережесі».

ҚР МЭМР 24.01 2005 ж., №10 бұйрығымен бекітілген «Жылу энергиясын пайдалану ережесі»;

«Техникалық күрделі жүйелері мен механизмдері бар ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану ережесі», Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын-коммуналдық шаруашылық бойынша агенттігі Төрағасының м.а. 2000 жылғы 29 желтоқсандағы №606 Бұйрығымен бекітілген.

3 Негізгі терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта сәйкес анықтамаларымен келесі терминдер қолданылады:

Ғимаратты, объектіні қайта құру: өмір сүру жағдайларын, қызмет көрсету сапасын жақсарту, қызметтер көлемін арттыру, ғимараттың физикалық және моралды тозуын барынша жою мақсатымен жүзеге асырылатын, негізгі техникалық- экономикалық көрсеткіштерін (пәтерлердің саны мен ауданын, ғимараттың құрылыс көлемі мен жалпы ауданын, сыйымдылығын немесе өткізу қабілетін), функционалдық белгіленуін өзгертулермен, жекелеген құрылымдарды немесе олардың элементтерін және инженерлік жабдықты ауыстырумен байланысты құрылыс жұмыстары мен ұйымдық- техникалық іс-шаралардың кешені.

Ғимаратты, объектіні күрделі жөндеу: ғимараттар мен құрылыстардың тозған құрылымдары мен бөлшектерін ауыстыру немесе оларды жөнделетін объектілердің пайдаланушылық мүмкіндіктерін жақсартатын неғұрлым берік және үнемділерге ауыстыру жүргізілетін жұмыстар кешені. Ерекшелігі негізгі құрылымдарды қалпына келтіру немесе ауыстыру құрайды (ғимараттар мен құрылыстардың тас және бетон іргетастар, ғимараттардың қабырғалары мен төбелерінің барлық түрлері, қабырғалардың қаңқаларының барлық түрлері, жерасты желілерін құбырлары және басқ.). Құрылымдық элементтер мен инженерлік жабдықтың жүйелерін ауыстырумен (қажет болса) ғимараттың ресурсын қалпына келтіру, сондай-ақ пайдаланушылық көрсеткіштерін жақсарту мақсатымен жүргізіледі.

Ғимаратты, объектіні ағымдық жөндеу: алдын алу іс-шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған техникалық іс-шаралардың кешені. Ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізіледі [1,3].

Ғимараттарға техникалық қызмет көрсету: ғимараттардың техникалық күйін, ғимараттарға техникалық тексеру жүргізумен, тексерумен және түгендеумен, инженерлік жабдықты жөндеумен және реттеумен, ғимараттарды маусымдық пайдалануға дайындаумен, өрт және газ қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бақылау бойынша негізгі жұмыстар мен қызметтер кешені.

Ғимараттың, объектінің (элементтің) физикалық тозуы: объективті себептермен немесе сыртқы әсерлермен туғызылатын, ғимараттың (элементтің) техникалық және онымен байланысты пайдаланушылық көрсеткіштерінің тұрақты немесе бір сәттік нашарлау процесі.

Ғимараттың моралды тозуы: тіршілік ету жағдайларын анықтайтын негізгі пайдаланушылық көрсеткіштердің біртіндеп ауытқуы, халықтың дамып келе жатқан қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік- мәдени маңызы бар тұрғын үйді немесе объектілерді салуда және пайдалануда техникалық прогрестің деректерімен қалыптасатын техникалық функциялардың орындалуы.

Ғимараттар мен құрылыстарды жаңғырту: құрылым мен инженерлік жабдықтың, оларды жоспарлаудың заманауи нормативтік талаптарға сәйкес келмеуінен тұратын, тозуды жою мақсатымен күрделі жөндеудің бір түрі.

Ғимараттың элементтері: берілген функцияларды орындауға арналған, ғимаратты құрайтын құрылымдар мен техникалық құрылғылар.

Ғимараттың элементінің ақаусыздығы: сыртқы әсермен (оқиғамен) туындаған ғимараттың немесе оның құраушы бөліктерінің элементінің жай-күйі.

Ғимарат элементінің ақауы: дайындау, монтаждау немесе жөндеу кезінде ережелерді, нормалар мен техникалық шарттарды бұзумен туындаған ғимарат элементінің ақаулығы (ақауы).

Ғимарат элементінің бүлінуі - сыртқы әсермен (оқиғамен) туындаған ғимараттың немесе оның құраушы бөліктерінің ақаулығы.

Шекті жай- күй – құрылымы, негізі (тұтастай ғимарат немесе құрылыс) берілген пайдалану- талаптарын немесе жұмыстар өндірісі (тұрғызу) кезіндегі талаптарды қанағаттандырмай қоятын жай- күй.

Ғимаратты немесе құрылысты пайдалану – техникалық құжаттаманың талаптарымен белгіленген параметрлерге сәйкес берілген функцияларды орындай алатын құрылымдардың жай- күйін сақтау бойынша қажетті іс- шараларды жүргізумен ғимаратты немесе құрылысты функционалдық белгіленуі бойынша пайдалану.

Пайдалану көрсеткіштері: пайдаланушылық сапасына себепші болатын, ғимараттың (объектінің) техникалық, санитарлық- гигиеналық, экономикалық және эстетикалық сипаттамалар жиынтығы а [1,6].

Ғимараттардың (объектінің) ескі жай- күйі: құрылым, негізі (тұтастай ғимарат) берілген пайдалану- талаптарын қанағаттандырмай қоятын жай- күй. Техникалық күйін бағалау 60-80 % шектерде физикалық тозуға сәйкес келеді.

Қалыпты пайдалану: қарастырылған нормаларға және технологиялық немесе тұрмыстық жайларды жобалауға тапсырмаларға сәйкес жүзеге асырылатын пайдалану.

Ескірген тұрғын үй қоры: өзінің техникалық күйі бойынша мемлекеттік құрылыс стандарттарымен, санитарлық- гигиеналық және басқа нормалармен және ережелермен белгіленген, қауіпсіз және жайлы тұрудың заманауи қауіпсіз жағдайларына жауап бермейтін, барлық меншік нысанындағы тұрғын үй объектілерінің жиынтығы.

Тұрғын емес жай: тұрғын үй кешеніне жататын, бірақ тұрғын үй қорына жатпайтын және қоғамдық – құқықтық қарым- қатынастардың дербес объектісі болып табылатын жай.

Жапсыра салынған үй: ғимараттың сыртқы қабырғаларына тікелей жанасатын жаңа жайларды жасаудың арқасында ғимараттың ауданы көбейтілетін қайта құру түрі [1,3,5,6].

Қондырма салу: ғимараттың жоғарғы қабатының үстінде бір немесе бірнеше қабаттарды салу арқылы ғимаратты ауданы көбейтілетін қайта құру түрі.

Үй жанындағы аумақ: жер теліміне меншік немесе пайдалану құқығына актімен анықталған және ғимараттарға қызмет көрсетуге арналған ғимараттың айналасындағы аумақ [1,3,5].

Ақаулық акт: бүлінген жерлерді қалпына келтірушілік немесе толық жөндеу жүргізу үшін негіз болып табылатын құжат.

Ғимараттардың (пәтерлердің, жайлардың) инженерлік жабдығы- ыстық және суық сумен жабдықтау, кәріз, жылыту, желдету, газбен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйелерін, сондай-ақ қоқыс кетіру және өрт сөндіру құралдарын, лифтілерді, телефон жүйесін, радиоландыруды және ішкі абаттандырудың басқа да түрлерін қамтитын, тұрушылардың қолайлы (жайлы) тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ететін техникалық құрылыстар кешені.

4 Жалпы ереже

4.1 Тұрғын ғимараттары мен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді қайта құру, күрделі және ағымдық жөндеудің, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетудің жүйесі, мақсатына қарай қолдану кезеңінің ағымында оның қалыпты қызмет етуі, объектілер мен ғимараттардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысқан ұйымдық және техникалық шаралардың кешені болып табылады. [1,3,6].

Аталған шаралар жинағы жүйе материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды (нормативті-техникалық құжаттамалардың (әрі қарай НТК) талаптарды сақтау жағдайында) қамту керек.

4.2 Жөндеу-құрылыстық жұмыстарды жоспарлау кезінде күрделі және ағымдық жөндеуді жүргізудің жүйелілігі Б қосымшасы (ғимараттар, объектілердің элементтері үшін) және А қосымшасына (ғимараттар, объектілер үшін) сәйкес қабылдануы мүмкін.

4.3 Ғимараттар мен объектілерді қайта құруды жүргізу мерзімдері әлеуметтік қажеттіліктермен белгіленуі керек, әдетте, күрделі жөндеудің мерзімдерімен сәйкес келіп, олардың техникалық күйінің бағасы негізінде анықталуы керек.

4.4 Техникалық қамтамасыз ету пайдаланудың барлық мерзімі ағымында үнемі жүргізілуі керек.

4.5 Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер мен тұрғын үй ғимараттары қайта құрудан кейін немесе күрделі жөндеуден кейін пайдаланудың келесі негізгі талаптарына жауап беруі керек:

- инженерлік жабдықтау мен құрылыстық құрылымдау жұмыстарының бас тартпауы;

- үй жанындағы аумақтар мен ғимараттардың санитарлық күйі мен абаттандыру, қызмет көрсету немесе өмір сүру қолайлығының қажетті деңгейі;

- энергияны үнемдеу мен жылу қорғаудың нормативті көрсеткіштері;

- өрт қауіпсіздігі;

-нормативті шудан қорғау;

- қоршаған құрылыстар мен ғимараттардың нормативті инсоляциясы.

4.6 Тығыз қалалық құрылыста орналасқан ғимаратты күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде, жанында тұрған ғимараттар мен құрылыстардың теріс әсері, сондай-ақ қауіпсіздігі мен пайдалану жарамдылығын қамтамасыз ету мақсатында жаңа салынатын объектіге құрылыс нәтижелерінің теріс әсерін талдауды жүргізу қажет.

4.7 Қайта құру мен күрделі жөндеу қолданыстағы нормативті құжаттарға толық сәйкестікте алдын ала әзірленген жобалар бойынша жүзеге асырылуы керек.

5 Объектілер мен ғимараттарды қайта құру және күрделі жөндеу

5.1 Ғимараттарды қайта құру

5.1.1 Қолданыстағы жобалау нормаларына сәйкес ғимараттарды (объектілерді) қайта құру кезінде жүзеге асырылуы мүмкін:

- ғимараттың беріктілігіне әсер етпейтін жайдың жоспарлауын өзгерту, ал қажетті негіздемелер мен келісімдер болған кезде, қосымша салынған жайларды тұрғызу немесе оны бөлшектеу;

- ғимараттардың (объектілердің) құрылымдарында шектейтін жылу техникалық қасиеттерді жоғарылату;

- инженерлік жабдықтың сенімділік деңгейін жоғарылату, оның ішінде сыртқы желілер (магистральдіден басқа);

- ғимараттардың (объектілердің) сәулетті мәнерлілігін жақсарту, сондай-ақ жанында жатқан аумақтарды абаттандыру;

- қызмет саны мен сапасын жақсарту.

5.1.2 Коммуналды және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді қайта құру кезінде, қазіргі бар объектілерді кеңейту, жаңа ғимараттарды салу мен қосалқы, қызмет көрсететін, сондай-ақ объектінің кешеніне кіретін негізгі мақсаттағы жойылатынның орнына жайларды салу.

5.1.3 Қайта құру анықталынған ретте сараптаудан откен жұмыс жобаға сәйкес қана жүзеге асырылуы тиіс.

5.1.4 Ғимаратты қайта құру жұмыс жобасы (ірі жобалар үшін - жоба) қарастырады:

- габаритті мөлшері мен техникалық сипаттамаларын өзгерте отырып объектінің толық немесе жартылай қайта құрылуын;

- ғимараттардың конструктивтік схемаларға қосымшаларды еңгізуі (мансардалар, қоса салу және жапсыра салу, консольдар, алаңдар, жер астындағы, жер бетіндегі өткелдер, есік аузындағы каналдар);

- барлық инженерлік коммуникациялардың қалпына келтірілуі немесе толықтай ауыстырылуын;

- тасушы құрылымдарды күшейту;

- шатырды мансардаға қайта жабдықтау.

5.1.5 Қайта құруды жобалау бойынша жұмыстар басталғанға дейін, міндетті түрде күйіне қарамастан ғимараттың техникалық қарауын сараптамалық техникалық шешімінің беруімен бірге жүргізу қажет. Ғимаратты тексеруді ҚР СН 1.04-04-2002 бойынша жүзеге асыру.

5.1.6 Жөндеу-құрылыс жұмыстарының түрлері мен көлемі туралы бастапқы деректердің негізінде, тапсырыс берушінің тапсырмалар бойынша, тиісті лицензиясы бар жобалаушы жобалау-сметалық құжаттарды әзірлейді.

5.1.7 Қайта құру жоба орнатылған қызметтер келістіруден өткізіліп, госэкспертиза органдарға тапсырма берушімен беріледі.

5.1.8 Қайта құру жобасы келесі құжаттар пакеті болған кезде құрылады:

- ғимаратты реконструкциялауға жергілікті органдарының шешімі;

- сәулет ескерткіштерін күзету бойынша инспекциялардан тапсырма;

- жобаның әзірлеулері басталатын кезде жұмыс істейтін топографиялық түсірілімі М 1:500;

- құрылыс ошағының шарттарының инженерлік-су-геологиялық мінездемесі;

- байланыс ұйымын, жылулық, электр қайраттың берісін, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, бұрып жіберу байланыстарды және тағы басқа реконструкциялатын объектінің пайдалануға шамаланған қызметтерді қамтамасыз ететін ұйымдардың техникалық шарттары;

- ұйымның, немесе сәйкесінше лицензиясы, немесе лайықты қызмет түрлерін жүргізуге сертификаты бар сарапшының техникалық тұжырымы;

- инженерлік жабдық пен құрылымның физикалық тозу деңгейін, қайта құру мен жүргізілген күрделі жөндеулерінің мерзімдері мен көлемдерін көрсете отырып құрудың техникалық паспорты;

- ғимаратты қайта құруды жүргізуге жобалау құжаттамасы, жайдың мақсатын өзгерту үшін рұқсаттама көшірмелері. Ғимаратты қайта құру үшін бұл жобалау құжаттамасы лицензияланған жобалау ұйымымен дайындалуы керек;

5.1.9 Тарихи құрылыс немесе сәулет ескерткіштерін қайта құру ғимараттың, кешенінің пайдалану мінездемелерінің жақсартуды, оны тиімді пайдалану үшін жағдайларды жақсартуды, оның бастапқы кейпін қалпына келтіруді қарастырды.

5.1.10 Мәдениет пен тарихи жәдігер меншік иелері, жөндеу бойынша жұмыстың өндірістерін тарихи-мәдени мұраны қолдану мен күзету жөніндегі өкілетті органмен келістіру керек («Тарихи-мәдени мұраны қолдану және күзету туралы» ҚР Заңына сәйкес).

5.1.11 Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жобалау және консервациялау-қалпына келтіру жұмыстарын, зерттеулерді жүргізу үшін жобалау және мердігерлік ұйымдардың тарихи-мәдени мұраны қолдану мен күзету жөніндегі өкілетті органның берген лицензиялары болуы керек («Тарихи-мәдени мұраны қолдану және күзету туралы» ҚР Заңына сәйкес).

5.2 Күрделі жөндеу

5.2.1 Күрделі жөндеуді өткізуі жартылай, немесе ғимараттың жұмыс істеуінің толық тоқтауды қарастырады.

5.2.2 Күрделі жөндеуді екі негізгі санатқа бөлуге болады:

- кешенді күрделі жөндеу. Бұл жұмыстар барлық ғимарат немесе құрылыстың жөндеуін болжап отыр (немесе оның жеке секциялары – мысалы бірнеше қабаты);

- іріктемелі күрделі жөндеу. Бұл жағдайда ғимараттың жеке құрылымдары қалпына келтіріледі (іргетасы, жабыны және т.с.с) немесе инженерлік жүйелері (су өткізгіш және жылу жүйелері, электрмен қамтамасыз ету және т.б.) қалпына келтіріледі.

5.2.3 Күрделі жөндеудің құны жұмыстардың санаттары мен түрлеріне байланысты анықталады.

5.2.4 Кешенді күрделі жөндеу кезінде ғимараттың жалпы түбегейлігін арттыру мақсаты қойылады. Сондықтан берілген жағдайда бірізділікте инженерлік жүйелердің алмастырылуы, іргетасты қалпына келтіру, тасушы құрылымдарын күшейту, шатырды алмастыру, абаттандыру деңгейін арттыру және т.б. жүзеге асырылуы мүмкін.

5.2.5 Іріктемелі күрделі жөндеу ғимарат немесе құрылыс жалпы, қанағаттанарлық техникалық күйге ие болып, оның тек жеке элементтерін қалпына келтіру немесе алмастыру талап етілген жағдайларда қолданылады.

5.2.6 Күрделі жөндеу кезінде келесі жұмыстар орындалады:

- ғимараттарды зерттеу (энергетикалық және техникалық), жұмыстың жобасының дайындылығы мен жұмыстың сызбасының құрастыруы және жауапты тасымалдаушы конструкцияның күшейтуіне конструкторлық есептерін жасауы;

- ғимараттардың және жабдықтардың тозған элементтерін алмастыру немесе қалпына келтіру бойынша жөндеу-құрылыстық жұмыстары;

- тозған құрылымдар мен бөлшектердің ақаулықтарын түзету, оларды пайдалану және жылу қорғау қасиеттерін жақсартатын анағұрлым ұзақ мерзімді және үнемді түрлеріне ауыстыру. Сонымен бірге жоспарлауды жақсарту объектінің немесе ғимараттың экономикалық орынды әбден жетілдіру жүзеге асырылады, қызметтердің саны мен

сапасын жақсарту, инженерлік жабдықтың жетіспейтін түрлерімен жарақтау, қоршаған аумақты абаттандыру;

- ғимаратты жылыту (қоршайтын құрылымдардың жылу қорғау қасиеттерін жоғарылату бойынша жұмыстар);

- инженерлік желілерді мен коммуникацияларды алмастыру;

- желдеткіш емес біріктірілген шатырларды желдететінге қайта құру (жұмыстық сызбалары бойынша);

- реставрацияның жұмыстары жоғары білікті суретшілерінің, мүсіншілердің, сәулетшілердің тұжырымдары бойынша, арнаулы тапсырмалар, эскиздер, қисындар, тұжырымдарменен жүзеге асады;

Толығырақ В қосымшада.

5.2.7 Күрделі жөндеу кезінде мүмкін болатын жұмыстардың тізімі В қосымшада келтірілген [6].

5.2.8 7-10 сейсмикалығы бар аудандардағы объектілер мен ғимараттардың сейсмоқауіпсіздігін бағалау ҚР СНЖЕ 2.03-30-2006 талаптарына сәйкес орындалуы керек. Ғимараттардың тасушы құрылымдары, объектілерін зерттеу ҚР СН 1.04-04-2002 баяндалған талаптарға сәйкес орындалуы керек.

5.2.9 Күрделі жөндеу әдетте, барлық ғимарат (объект) және оның бөлігі (секция, бірнеше секция) жүзеге асырылуы мүмкін.

5.2.10 Күрделі жөндеуге, қайта құруға қажеттілік ғимараттардың негізгі құрылымдарының техникалық күйін ескере отырып, осы нормаларда келтірілген тәртіпте анықталуы керек.

5.2.11 Ғимараттарды (объектілерді) қайта құруды жоспарлау кезінде олардың пайдалануға енгізілуі мен шығарылуы қайта құрудан кейін және дейін заттай және құндық көрсеткіштерде есепке алынуы тиіс.

5.2.12 Қайта құрылатын ғимараттардың жұмыстарының (объектілердің) құны сақталатын бөліктерді (элементтерді) қалпына келтіру құны, сонымен бірге қайта құруға кететін шығындар сомасы ретінде анықталуы тиіс.

5.2.13 Қалпына келтіруінің жұмыс жобасы ғимараттың жаңартылған техникалық паспорттын өз құрамында сақтау керек.

5.2.14 Есептік мерзімдер және қайта құрудың және күрделі жөндеудің ұзақтығы құрылыс-монтаждық және жөндеу-қалпына келтіргіш жұмыстардың ұйымдардың жоба негізінде игерілген сметалық құжаттамасының қолдануы бар есептеу бойынша анықталады.

Сонымен бірге, күрделі жөндеудің (қалпына келтірудің) есептік ұзақтығы адамның еңбек және материалдық шығындардың және қойылған есептің орындау бағытталған еңбек өнімділіктердің ортақ сомадан кері - пропорционал тәуелділікте болады.

5.2.15 Ғимаратты (объектіні) күрделі жөндеу немесе қайта құру жобалау құрылыс ауданының сәулетті-жоспарлау тапсырманың есебімен жүзеге асырылуы керек.

5.2.16 Ғимараттың күрделі жөндеуі немесе қайта құруға жобалау-сметалы құжаттаманы әзірлеу, келістіру және бекіту 1.04-01-2002 ҚР СН; 1.02-01-2007* ҚР СН талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы керек.

5.2.17 Жобалау-сметалы құжаттаманың бекітілуі мен құрылыстық-жөндеу жұмыстары арасындағы уақыт аралығы бір жылдан аспауы керек. Ескірген жобалар тиісті жұмыстарды орындауға лицензиялары бар ұйымдармен немесе жеке тұлғалармен қайта өңделуі керек және қайтадан әзірленген жобаларды бекіту үшін орнатылған тәртіпте бекітілуі керек.

5.2.18 Күрделі жөндеу мен қайта құру жобасының сараптамасы Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы қызметі туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

5.2.19 Күрделі жөндеу мен қайта құруды орындау ұйымның, жөндеу-құрылыстық жұмыстарды қабылдау мен жүзеге асыру ережелері, өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін сақтай отырып жүзеге асырылуы керек.

5.2.20 Күрделі жөндеу мен қайта құрудан кейінгі объектілер мен ғимараттарды пайдалануға қабылдау қолданыстағы нормалардың орнатқан тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

5.3 Ғимараттарды күрделі жөндеу мен қайта құруды жүзеге асыру мен жоспарлау

5.3.1 Күрделі жөндеу мен реконструкциялау күрделі жөндеу мен реконструкциялау (А, Б қосымшаларына сәйкес) [3,5] қажеттілігі туралы деректер негізінде жүзеге асырылады.

5.3.2 Ғимараттар мен объектілерді қайта құруды жүзеге асыру мен жоспарлау кезінде оларды пайдалануға енгізу мен шығару қайта құрудан кейін және дейін тиісті заттай және құнды көрсеткіштерде есепке алынуы керек. Қайта құрылатын объектілер мен ғимараттардың баласнтық құны оларды қайта құру мен қорғалатын бөліктердің (элементтердің), оның ішінде жабдық қалпына келтіру құнына кеткен шығындар ретінде анықталуы керек. Жүргізілген жөндеулер мен қайта құру нәтижелері жеке меншік иесіден жалынышсыз ғимараттың (объектінің) техникалық паспортына енгізілуі керек.

5.3.3 Қалалық құрылыс ошақтарының қалпына келтіруінің жоспарлауы тұрғын қордың иелерінің (жеке және заңды тұлғаларының) алдын ала дерек беруі бойынша ұзақ мерзімді бас жоспарлармен сәйкес іске асыруы керек.

5.3.4 Ғимараттар мен мемлекеттік меншік объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялаудың аяқталу және басталуының жоспарлы мерзімдері жергілікті атқарушы органдарды салалық басқару органдарымен орнатылатын тәртіпте бекітілетін және жетілдірілетін жөндеу мен реконструкциялау ұзақтығының нормалар негіздемесіне белгіленуі керек.

5.3.5 Ғимараттар мен объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялау құнын анықтау жобалық және конструкторлық талқылауларға қосымшалар болып табылатын ақаулық актісі мен жобалау-сметалық құжаттама негізінде жүзеге асырылады. Ғимараттарды күрделі жөндеу мен реконструкциялаудың келісімдік бағасы анықтаған ретте мемлекеттік, немесе мекемелік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамалардың негізінде белгіленуі керек.

5.3.6 Сметалардың қорытындысы ретінде қайтарым сомалары – тұрғын үй-коммуналды шаруашылықта бұйымдар, жабдықтар мен материалдарды қайтадан пайдалану бойынша Нұсқаулыққа сәйкес жөндеу объектілерінде материалдар мен бұйымдарды қайтадан қолдануға жарамды нормативті шығысына негізделе отырып белгіленетін инженерлік және технологиялық жабдықты бөлшектеу мен құрылымдаудан материалдардың құны.

5.3.7 Ғимараттардың (объектілердің) күрделі жөндеуі мен реконструкциялауға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу келесіні қарастыру және есепке алу керек [7,8,9,10]:

- техникалық зерттеу жүргізу, жобалау объектілерін физикалық және моральды тозуды анықтау;

- жайлардың функционалды мақсатын өзгерту, қайта жоспарлау, құрылымдарды, инженерлік жүйелер немесе басқа ұқсас жұмыстарға және аумақты абаттандыру бойынша барлық жобалау шешімдері үшін жобалау-сметалық құжаттаманы құру;

- мердігерлік ұйыммен өндейтін құрылыстың (ҚҰЖ) және күрделі жөндеуге, қалпына келтіру бойынша жұмыс жасауының ұйымының жобалауы (ЖЖЖ).

6 Күрделі жөндеу мен қайта құру бойынша жұмыстарға қойылатын талаптар

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Тұрғын ғимараттарын күрделі жөндеу мен қайта құру жобаларын әзірлеу кезінде құрылыстағы қолданылатын нормативті құжаттарды (НҚ) басшылыққа алу қажет.

6.1.2 Күрделі жөндеу мен қайта құрудан кейінгі ғимараттар пайдалану кезеңінің ағымында оларға қойылатын негізгі талаптар мен мақсатына сәйкес келуі керек. Негізгі талаптар мыналарды қамтамасыз етуі керек:

- нақты аудандар мен аймақтарға тән түрлі факторлардың әсер етуін есепке ала отырып ғимараттың беріктілігі, сенімділігі мен төзімділігі;

- үй және үйдің жанындағы аумақтардың санитарлық күйі, абаттандырылуы, тұрудың қолайлылығының қажетті деңгейі;

- энергияны үнемдеу мен жылу қорғаудың нормативті көрсеткіштері;

- өрт қауіпсіздігі;

- нормативті шу қорғау;

- ғимараттар мен айналасындағы құрылыстың нормативті инсоляциясы.

6.1.3 Қалалық құрылыста орналасқан тұрғын үйді күрделі жөндеу және қайта құру кезінде пайдалану сапалары, төзімділігі мен беріктілігін қамтамасыз ету мақсатында оның айналадағы ғимараттар мен құрылыстарға әсерінің талдауын жүргізу қажет.

6.1.4 Қолданыстағы НҚ-тан ауытқулар тиісті қадағалаудың және бақылаудың мемлекеттік органдарымен орнатылған тәртібінде келісілуі керек [1,5].

6.2 Ғимараттардың жер асты және жер үсті бөліктерінің іргетасының құрылымын зерттеу

6.2.1 Тұрғын үйдің күрделі жөндеуі мен қайта құру мүмкіндігі туралы мамандармен құрастырылатын техникалық қорытынды қосуы керек [1,5]:

- зерттеу кезеңіне бар үй іргетасының жүктемесі туралы деректер;

- Құрылыс конструкциялардан және жалпы ғимараттан қазіргі күйден сипаттамамен ғимарат және тән өзгеріс айқындалған деформациялар туралы мәліметтер;

- құрылыстық құрылым және тұтастай алғанда ғимараттың күйін сипаттау;

- инженерлік жүйелерінің техникалық күйі туралы деректері;

- жүктемелер өзгерістерінің динамикасы туралы деректер және оларды бұрын және кейін күрделі жөндеу немесе қайта құрудан кейін іргетастарға (учаскелерге) тарату;

- топыраққа күрделі жөндеу мен қайта құрудан кейін күтілетін және бар қысымның тексеру есептері;

- гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеу деректері (мұрағат материалдарын қорыту, ұңғымалар мен шурфтарды сипаттау және суреттеу, тасушы құрылымдардың орналасуының негізгі бағыттары бойынша геологиялық кескіндер, топырақ негіздерінің физикалық-механикалық сипаттамалары, жер асты суларының жату тереңдігі туралы мәліметтер, олардың көктем-күз мезгілдеріндегі деңгейінің өзгеруі, іргетастар материалдарына олардың агрессияшылығының сипаты мен құрамы);

- ғимарат іргетастарының қосымша орташа отыру болжамы мен оларды күрделі жөндеу мен қайта құрудан кейінгі тегіс еместігі;

- үйді күрделі жөндеу мен қайта құру мүмкіндігі туралы ұсыныстар мен қорытындылар, оның ішінде іргетастарды күшейту әдістері.

6.2.2 Зерттеуді тиісті лицензиялары бар мамандандырылған ұйымдардың орындау қажет, ал зерттеу материалдарын жобаның құрамына қосу керек.

6.3 Инженерлік-геологиялық зерттеу ерекшеліктері

6.3.1 Қажетті жағдайларда инженерлік-геологиялық зерттеулер ғимараттарды күрделі жөндеу мен реконструкциялау жобаларын әзірлеу үшін жүргізіледі.

6.3.2 Ғимараттарды күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде инженерлік-геологиялық зерттеулер салынып қойған алаңның геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларды кешенді зерделеуді қамтамасыз етуі керек, қосымша құрылыстың техногенді әсерінің теріс салдары (топырақ қасиеттерінің өзгеруін есепке алу: тығыздылығы, су басылуы, ластануы және оларды қосыша жүктеу мүмкіндіктері және т.б.), күйі, оларды күшейту мен нығайту бойынша тиімді жобалау шешімдерін қабылдау үшін қажетті қазіргі бар іргетастардың беріктілігі мен негіздемелер топырақтарының қабеттілігі туралы дұрыс ақпаратты алу үшін іргетастың түрі мен мөлшері.

6.3.3 Инженерлік-геологиялық зерттеулердің құрамын, көлемін және әдістерін жобалау ұйымы инженерлік-геологиялық жағдайлардың күрделілігі, олардың техникалық күйлері мен ғимараттарды күрделі жөндеу және қайта құру мақсаттарына байланысты анықтайды.

6.3.4 Салынған учаскелердің инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық шарттар туралы қолда бар мұрағат деректерінің талдауы мен жинақ инженерлік-геологиялық зерттеулердің алдында болуы керек, күрделі жөндеу мен қайта құруға жатқызылатын бар ғимараттардың орындары: келелі топырақтар туралы (орнықтыру, бөртінуге, тұздалған, қалқымалы, кептелген, шайылған, үйілген және т.б.), ерекше жағдайларға ие аумақтар туралы (сейсмикалық, жылжымалы, карсты, су деңгейімен көтерілетін және т.б.).

6.3.5 Инженерлік-геологиялық зерттеулер ғимараттың күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде қосуы керек:

- топырақты тақталанбаның сипатын, топырақты сулардың деңгейін, қосымша салудың техногенді факторларының әсер ету есебімен бар іргетастардың негізін қалаудың белсенді аймағының шегінде физикалық-механикалық топырақтарды анықтау;

- ашық шурфтарда іргетастардың және негіздемелердің егжей-тегжейлі зерттеу;

- іргетастың құрылымы мен негіздемесінің түрін, оның жоспардағы нысанын, қалану тереңдігі мен өлшемін анықтау;

- бұзбайтын (геофизикалық) немесе бұзатын (механикалық) әдістерін қолдана отырып іргетас материалының түрі мен ақаулықтарын орнату;

- зертханалық сынауларға арналған іргетас материалдарының сынамаларын іріктеу;

- іргетастың табанынан тыс және табанындағы негіздеме топырағының үлгілері мен тұтасқұймаларын, сондай-ақ зертханалық зерттеулерге арналған топырақ суының сынамасын іріктеу;

- гидроқшаулаудың болуын анықтау;

- жер асты құрылыстарының орналасқан жері мен болуын анықтау (жертөлелер, бұзылған ғимараттардың іргетастары, туннельдер, инженерлік коммуникациялар, құдықтар, жер асты өңдеулері және т.с.с.).

6.4 Қала құрылысына қойылатын талаптар

6.4.1 Үйлердің күрделі жөндеуі немесе қайта құру жобаларын, сондай-ақ үй жанындағы аумақтарды абаттандыру жобаларын әзірлеу кезінде жобалар қазіргі бар құрылыстың сәулет-көркем шешімімен байланысты болуы керек (квартал, шағынаудан, тұрғын үй массиві) [1,12].

6.4.2 Үйлердің үй жанындағы аумақтарын абаттандыру жобалары, қажеттілікке қарай өтетін жолдар, жаяу жүргінші жолдарын, квартал ішілік нөсерді бұратын және дренажды жүйелері, жасыл отырғызулар, ойын мен демалысқа арналған алаңдар, шағын сәулет нысандарын, сондай-ақ халықтың шағын мобильді топтарының қажеттіліктерін ескере отырып қосымша автотұрақтарды қарастыруы керек.

6.4.3 Абаттандыруды жобалау кезінде қоршаған ортаны сақтауға тырыса отырып, жер телімінің ерекшеліктерін барынша ескеру керек.

6.4.4 Үй жанындағы аумақты абаттандыру (участкелер), оның ішінде көгалдандыру, шағын нысанды орналастыру, жаяу жүргіншілер қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету керек, учаскенің аумағына кіруі қарастырылған көлік түрлерінің айналуы мен қозғалысын қамтамасыз ету керек.

6.4.5 Аумақ шегінде айналып жүру алаңдары жоқ тұйықталған жолдарын ұйымдастыру егер олардың ұзындықтары 30 м аспайтын болса, тарихи түрде қалыптасқан аудандарда рұқсат етіледі.

6.4.6 Әр учаскенің аумағында қалдықтарды жинауға арналған контейнерлерді орнату үшін орын жабдықталуы керек. Аралас учаскелерге қызмет көрсететін контейнерлерге арналған жалпы алаңдарды құру, олардың иеленушілері арасында келісім бойынша рұқсат етіледі.

6.4.7 Қалалардың тарихи түрде қалыптасқан аудандарында пәтерлері бар тұрғын үйлердің жолынан қашықтық бірінші қабатта, әдетте 3,5 м кем болмауы керек.

6.4.8 Нормаланған функционалды аймақтардың автотұрақтары мен басқа да объектілері тұрғын үйлердің үй жанындағы аумағының шегінде және тиісті резервтік алаңдар болған уақытта ұйымдастырыла алады (орнатылған тәртіпте келісілгеннен кейін).

6.4.9 Тұрғын үйлердің біреуін немесе тобын қайта құру кезінде сығылысқан жағдайларда пайдалану аражабыны бар жер асты гаражын қарастырған жөн.

6.5 Көлемді-жоспарлау шешімдеріне қойылатын талаптар

6.5.1 Тұрғын үйлерді қайта құру жүзеге асырылуы мүмкін [15]:

- Қабаттардағы пәтер түрлері мен санын сақтай отырып. Сонымен бірге эркерлер түрінде жапсыра салулар мен ішкі қайта жобалау есебінен тұрғын бөлмелері мен асханалардың аудандарын ұлғайтуға болады;

- түрлі қосымша салулар, бір немесе бірнеше қабат мансардтарды салу, шатыр көлемдерін қолдану есебінен ғимараттың жалпы ауданын ұлғайтумен;

- бір қабатта және аралас қабаттарда (тігінен және көлденеңнен) орналасқан пәтерлерді біріктіру есебінен пәтер аралық трансформация арқылы.

6.5.2 Бір қабатта орналасқан аралас пәтерлер (екі және одан астам) реконструкциялау кезінде аралас-оқшауланған пәтерлерге өзгереді. Сонымен бірге жеке асүйлер мен әжетханалар сақтала алады.

6.5.3 Пәтерлерді тігінен және көлденеңнен біріктіру кезінде әдетте күшейте отырып, өзгеру мен беріктілік есептерінің нәтижелері бойынша темірбетон диафрагмалар,

аражабындар, қабырғалардағы қуыстар мен қосымша ойықтарды жасауға рұқсат беріледі.

6.5.4 Тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында орналасқан, қайта құру орындалатын пәтерлерді егде адамдар мен мүгедектер, оның ішінде арбада отыратын мүгедектерге арналған мамандандырылған тұрғын үйге реконструкциялау мақсатқа лайық.

6.5.5 Ғимараттарды күрделі жөндеу мен қайта құруды жобалау кезінде қажеттіден төмен емес пайдалану беріктілігін қамтамасыз ету керек, сондай-ақ өмір сүру қолайлылығының деңгейін (жобалауға тапсырыс беру бойынша) қамтамасыз ету керек. Бір тұрғын үй құрылымында қолайлылықтың әр түрлі пәтерлерді жобалауға рұқсат беріледі.

6.5.6 Егер тұрғын үйлердің еденнен биіктігі 2,2 м кем емесін құрайтын болса, шығып тұратын сындарлы элементтерді сақтауға рұқсат етіледі.

6.5.7 Тұрғын үйлерді күрделі жөндеу және қайта құру кезінде тұрғын үйлер секцияларында немесе тұрғын үйлерге кіретін жерлерде кезекші персонал үшін (консьерж) жайды қарастыруға жол берілмейді.

6.5.8 Тұрғын үйлерді және жеке пәтерлерді күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде, егер инженерлік жүйелер мен сындарлы элементтер рұқсат ететін болса рұқсат беріледі:

- Кіре-беріс, пәтер ішіндегі дәліздер, салынған қоймалар мен шкафтар есебінен бөлмелер, әжетханалар, жуынатын бөлмелер мен біріккен сантораптар аудандарын ұлғайту;

- тұрғын бөлмелерінің санына байланысты емес жеке пәтерлерде қатар қолданылатын сантораптарды салу (тапсырыс берушілердің ниеттеріне қарай);

- электрленген ас үйлер мен тұрғын бөлмелерін бір ас үйге біріктіру;

- газбен қамтылған ас үйлерден тұрғын бөлмелерге кіретін есік жасау. Тұрғын бөлмесінде бұл кезде газбен қамтылмаған жайларға шығатын екінші есігі болуы керек;

- Ас үйден басқа, пәтердің басқа жайларынан біріктірілген санитарлы сантораптар, жуынатын бөлмелер мен әжетханаларға кіретін есік жасау.

6.5.9 Күрделі жөндеу және реконструкциялау кезінде ҚР СНЖЕ 3.02-43-2007 талаптарына сәйкес тұрғын үй бөлмелері астына және үстіне (жуынатын бөлмелер, дәретханалар) санузелдар мен асүйлер орналастыруға рұқсат етіледі.

6.5.10 Ас үйлер астындағы, ниша асханалар астындағы, ас үй жұмыс аймақтары және санитарлы тораптарының астындағы аражабындарды жоғары дыбыстық және гидрооқшаулауымен жобалануы керек.

6.5.11 Ғимараттарды қайта құру кезінде олардың қасбеттерін өзгертуге рұқсат етіледі, ол барлық үй үшін ортақ жүйелік сипатқа ие болады, сондай ақ сәулет жоспарлау тапсырыстары бойынша бірге салынған кіру құрылғылары болуы керек.

6.5.12 Жеке пәтерлерді күрделі жөндеулер, қайта құру және қайта жобалау кезінде қала құрылысы мен жергілікті сәулет органдарының келісімінсіз тыйым салынады [1,5,15]:

- бар балкондар мен лоджийлерге шыны салу және жылыту;

- бар балкондар мен лоджийлерді кеңейту және жаңаларын салу, оларға шыны салу;

- бар терезе және балконды ойықтарды кеңейту және жаңа терезе ойықтарын салу;

- балкон есіктері мен терезе рамаларының түстері мен нысандарын өзгерту.

6.5.13 Бір қабаттың қосымша салынуы немесе салусыз индустриалды құрылыстың тұрғын үйлерді бес қабаттыққа қайта құру кезінде қоқыс құбырлары және лифттермен үйлерді техникалық мүмкіндіктердің жоқтығын негіздеу кезінде қосымша жабдықтау қарастырмау керек.

6.5.14 Жеке пәтерлер мен (жаңа салынған жобалар бойынша) индустриалды салудың 5, 9 және 16 қабаттық тұрғын үйлерді қайта құру кезінде егер бұл кезде санитарлық эпидемиологиялық талаптар бұзылмайтын болса, пәтерлерде жайлардың аудандары өлшемдерінің ауытқуларын негіздеу кезінде рұқсат етілмейді.

6.5.15 Тұрғын бөлмелер, асханалар, ұйықтайтын бөлмелер қалдық жинайтын камералардың жапсыра салынған жайлармен және олармен көршілес орналастыруға рұқсат берілмейді. Жапсыра салынған жайларға кіретін жерде қалдықтарды жинау үшін жоғарыда аталған жайлардың терезелері болмауы керек. Кіретін жерден 4 м кем емес жерде басқа жайлардың терезелері бар кезде кіретін жерден 1 м шығарылыммен жанар жағар май материалдардан қалқаны құру керек.

6.5.16 Желдету камераларының жайларына олардың үстіне және олармен көршілес тұрғын бөлмелер, жатын бөлме, ас үйлері астында тікелей орналастыруға тыйым салынады.

6.5.17 Электроцитті екі метр, суды өлшейтін тораптар, жылу орталығының жайларындағы қосалқы жайлар және цокольдік қабаттарында орналасқан минималды биіктік.

6.5.18 Тұрғын үйлерде қайта құру кезінде инженерлік коммуникацияларды төсеу үшін 1,6 м кем емес биіктігі бар техникалық астыртынды қолдануға рұқсат беріледі.

6.5.19 Отқа беріктіліктің I-III дәрежесі бар тұрғын үй ғимараттарында ерекшелік ретінде инженерлік коммуникацияларды төсеуге арналған техникалық астыртын мен жертөлелерге үйдің тұрғын бөлігінен сатылардан кіретін жерді сақтау, сондай ақ азаматтық қорғаныстың бар жайлары. Барлық аталған жайлар немесе саты қапасына кіру 2-типті өртке қарсы есіктермен 1 типті өртке қарсы қоршаулармен саты қапастарынан бөлінуі керек.

6.5.20 Тұрғын үйлердің қосымша құрылыстарын жобалау кезінде жанындағы ғимараттар мен құрылыстарына және үйдің желдету жүйелеріне, ұстындар мен плиталар, қазандардан түтінді алып тастау жүйесіне олардың теріс әсерін шығару керек.

6.5.21 Тұрғын үйді қайта құру кезінде тұрғын үй пәтерлері үстінде шатыр аражабындарында тікелей шатыр қазандықтарын орнатуға тыйым салынады.

6.5.22 Шатырлы қазандықтарын құру кезінде нормативті деңгейге дейін жылу техникалық жабдықтан шуды төмендету бойынша құрылыстық акустикалық шараларды қарастыру қажет [1,5].

6.6 Құрылымдық шешімдеріне қойылатын талаптар

6.6.1 Ерекше жағдайлардағы тұрғын үйлерді күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде құрылымдық шешімдерді әзірлеу кезінде (сейсмикалық, аумақтардың су басылатын және өңделетін, ісінетін және төкпе топырақ және т.б.) құрылымның техникалық күйін зерттеу мен инженерлік геологиялық тексерісі нәтижелері ескерілуі керек. Құрылымдық шешімдерді жетілдіру үшін материалдар бойынша көтергіш құрылымдардың техникалық күйі туралы шешім міндетті түрде қажет.

6.6.2 Ғимараттың жер асты бөліктерін гидрооқшаулауды жобалау кезінде, күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде учаскенің су басуы мүмкін болған кезінде, топырақ суларының жоғары деңгейі кезінде ерекше назар аудару керек.

6.6.3 Ғимаратты және жеке көтергіш ғимараттарды күшейту кезінде күшейтілетін құрылымдар элементтерінің бірлескен тиімді жұмысын қамтамасыз ететін шаралары қарастырылуы керек.

6.6.4 Түрлі материалдардан ғимараттың элементтерін құрылымдау мен есептеу (металл, темір бетон, кірпіш, ағаш, материалдарды жылу және гидрооқшаулау және т.б.) тиісті НҚ талаптарына сәйкес орындалуы керек.

6.6.5 Тұрғын үйлерге жапсыра салынған ауқымды жобалау кезінде келесіні қамтамасыз ететін шаралар қарастырылуы керек (тұрғын емес жайлар, асхана және бөлмелер, эреклер, верандалар, лоджийлер, лифт шахталары, қоқыс құбырлары және т.б.):

- оларға қосылған көлемдер мен ғимараттардың іргетастары қалдықтарының минималды айырмашылықтары;

- олардың қосымша салулар мен ғимараттың пайдалану сапаларын төмендетусіз өзара ығыстыру мүмкіндігі.

6.6.6 Қосымша салынатын жайлар қайта құруға жатқызылатын тұрғын үй қабырғалар қалауының беріктілігін, өлшемін, техникалық күйін ескеретін тиісті есептеу кезінде консольдерде жобалана алады. Берілген талап технологиялық қажетті жайларға қолданылады, сонымен бірге консоль ұзындығын шектеу қажет болады.

6.6.7 Тұрғын үйлерді күрделі жөндеу мен қайта құру кезінде есептік сұлбада оларды пайдалану кезінде (пәтерлерді қайта жобалау, жаңа ойықтарды орнату, қосымша салу және т.с.с) болған сындарлы өзгерістерді есепке алу керек.

6.6.8 Ғимараттың қоршайтын және көтергіш құрылымдарын жартылай бөлшектеу мүмкіндігін есептеу нәтижелері бойынша анықтау керек, сонымен бірге жобалау құжаттамасында көрсетілген бөлшектеумен байланысты уақытша ұйымдық техникалық шаралар көрсетілуі керек, оның үстіне бөлшектенетін ғимараттың элементтері көрсетілуі керек.

6.6.9 Көтергіш құрылымдарда жаңа ойықтарды орындаумен және барын кепілге салумен, қабырғалар және қоршаулар, жаңа аражабындар құрылғысын бөлшектеумен, қосымша құрылыстарымен ғимараттарды қайта құру мүмкіндігі ғимараттың тұтастай және көтергіш құрылымдардың өзгертілуі, жарыққа төзгіштігі, беріктілігі мен көтергіш қабілеттілігі бойынша есептемемен расталуы керек.

6.6.10 Ғимараттың парапетті бөліктері немесе шатырлардың құрылымын қасбеттерін қайта құру мен жөндеу кезінде қолданылатын технологиялық жабдықты күшейту мүмкіндіктері үшін стационарлы құрылғылармен жабдықтау керек.

6.7 Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

6.7.1 Тұрғын үйлерді күрделі жөндеу мен қайта құруды жобалау кезінде электромагнитті, радиоактивті сәулелену, діріл, шудан қорғау, жайларды микроклиматы мен желдетуі, табиғи, жасанды жарықтандыру, инсоляция бойынша талаптарды сақтауы керек.

